

А. Совет, 2-курс

*Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

ЖУРНАЛИСТИҚ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, рәміздеріміз бекітілген, туган ана тілі бар мемлекетті баспасөзсіз елестету мүмкін емес. Мемлекетті саяси аренада танытып, іргесін мықтап көрсетуді мақсат етуде де БАҚ өкілдерінің алар орны ерекше. Қазірде төртінші билік деп баға берілетін БАҚ-та қызмет көрсетушілер — журналистер қауымы болып табылады. Демократиялы елдің ашық қоғамда өмір сүруді негіздейтін бірден-бір кепілдік — тәуелсіз баспасөзімен қатар тәжірибелі журналисінің болуы. Жаңандану қоғамында ақпарат атты алшауыт дүниеден ірі өзгерістер, жаңа ашылудардан БАҚ өкілдері тыскары тұра алмайды. Бүгінгі күннің толассызы ақиқаты — тілі орамды, сөз мәдениеті қалыптасқан баспасөзімен, әсем дидарын қалыптастырып, көпшілік назарына ұсынып отырған — теледидар аланы.

Ұлттық журналистикамызың 1990 жылдардан бастау алған тарихын қазірге дейін өзгерістер бүгінгі Қазақстанның көрінісін көрсетуде. «Қоғамның айшықты көрінісін көрсетіп жаңандану заманында журналистиканың жаңаптылдыққа ұмтылуы бекер емес. Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, ірі мекеменің басшысы өз уакытының үштен немесе төрттен бір бөлігін қоғаммен байланыс қызметтіне жүмсайды»¹. Озық тәжірибелі елдер қазіргі нарықтық қоғамда өнім шығарыш, баудығана көзdemей, тегін ақпарат алмасуға да басар назар аударса керек. Кезінде Наполеон: «Журналист өз қаламымен көшпө тазалайды», деп баға берген екен. Аталмыш мамандықтың аты айғайлап айтыш тұрғандай, өзі әмбебап, жан-жақты адамдардың иеленетін мамандығы болыш саналады. Қазақ қоғамында өмір сүріп, оның төл перзенті атанған журналистер үшін елінің мұндық мұндалап, жоғын жоқтау басты орында. Қызыл тілден қамшы өрген мамандық иелері сөз мәдениетін қалыптастыруда айрықша беделге ие. «Шындықтан қорықпаған адамға етіріктен қоркудың еш жәні жоқ», деген екен Т. Джейферсон. Қазақ журналистерінің шындық жолында шырылдағ, ұлты үшін көрсетер істері елінің болашағына арналған. Сейлегендеге кара сөзге дес бермей, тарих беттерінің кәусәр сырларын сезініп, сөздің келбетін аша білетін — журналистер қауымы. Саланың өзін сүйіп таңдаған пендеге беретін зор сыйы өмірін 180 градусқа өзгертіп жібереді. Ұлттың сую, елдің келешегі жолында аянбай қызмет етуді алдына басты мақсаты етіп қояды. Ұлттың деген әрбір азаматтың санасында елбасымыз айтқан тіркес сайрап тұруы тиіс. «Журналистік кадрларды

даярлау елімізде кең етек алуда. Әрбір ЖОО-да журналистика мамандығын оқытатын мекемелер жұмыс жасап, елім дең емдеңген сез шеберлерін түлетіп шығаруда»². Аристотельдің бір көремет сезіндегідей, «Адамның міндеті — ақылға сыйымды қызмет атқару» десе, журналистердің қызмет атқарып қана коймай сан-салага беріліп, ізденистің арқасында халықты жаңа жолға нұсқап, жаңа жаңаңыктар енгізуі шарт. А. Байтұрсынов нұсқағандай, «Халқының көрер кезде көзі, естір кезде күлагы, айтар кезде тілі» болуга міндетті. Журналистиң мақсаты да осы ойға тірелмек. Жазушының айттар ойын жүзеге асырып, күнделікті қоғамға қолданған журналистке бұдан артық атақ та, мәртебе де керек болмас. Журналистиң сезді қолдану аясы — өзіндік қолтаңбасы, шеберлік мәнері, өзіндік стильдің техникасы болуы міндетті. Тіл шүрайлы, ойы орамды болу, көркемдегіш құралдардың мол итерілуі маманың сез мәдениетін көрсетеді. Тілдің айшықты құралдарын қолдану арқылы журналист өз мақаласын әсерлі етіп жаза алады. Стилистикамен қатар сез қолдану мәдениеті бір-бірімен үштасып, айтпақ ойын аша түседі.

«Журналист өз ойын, өрісін аша білуі үшін үнемі окууды әдетке айналдыруы керек. Бірақ бір ғана тілде оку бір түйікка тірейтіндіктен, бірнеше шет тілін қатар менгеріп, әлем публицистерінің тың туындыларымен сусындармайынша журналистиң шеберлігі шындалмайды», деп ғалым Д. Нымсурен айтқан болатын. Шеберлікті шындауда тіл мәдениетін қалыптастырудың орны ерекше. Жазушы-журналист әдеби тілдің нормаларын еркін менгеріп, тілдік элементтерді дұрыс қолдана білуі шарт. Тіл нормалары мен тіл элементтері журналистиң тіл мәдениетін көтеруде маңызды құралдарының бірі болмак.

М. Горький тіл мәдениеті қолдануына байланысты «Жазушы күнделікті сөйлеу тілінің тасқынынан ең бір дәл, ұтымды және белгілі бір мәні бар сөздерді сүзіп ала білуінде көркем әдебиеттің тілге келгенде де тәрбиелік, үйретушілік қызметін түсініп, көпшілік оқырман құымды қазақтың бай, икемді, нормалы әдеби тіліне баули түсуде. Қысқасы, халықтың тіл мәдениетін көтере түсуде», — деп тоқталады.

Бүгінгі журналистердің міндеті жауыр болған тақырыптарды нұсқамай, өзекті мәселені, айшықты, көркем және қарарапайым тілде жеткізе білуінде. Сез мәдениетін қолдана отырып, БАҚ құргақ сөзге ермей, нақты дерекпен дәйекті халық назарына ұсынса құба-құп болар еді. Халықтың да сұрауы — осы тілек. Міндеттің орындалуы арқасында қоғамдық пікірмен имандылық, адамгершілік қағидалары қалыптасар еді. Қазақ халқы осы түсінікке орай, «Атаңың баласы болма, адамның баласы бол» дейді. Астарын ашып айттар ұлағатты сез, сөйлегенде қара сөзге дес бермеген тіл жанашырларына керек-ақ. Ары таза, шындықтың бетіне тұра қараган журналист — халық үшін игілікті іс жасай алады. Әлемдік аренада саясат пен экономиканы, мәдениет пен руханиятқа, қазақ елінің жаңандану үрдісіне ықпал ететін билік көзі — БАҚ саласы. Айтары көп, жазары мол журналистер қауымының сез байлығы ешқашан азайған емес. Қазақ қоғамында Ш. Мұртаза айтқандай, «Журналистиң арқалағаны алтын болса да, жегені жантак» болмаса екен. Ешқашан жоқтан бар пайда болмайды. Қағазын қайық етіп, қаламын ескек қылыш, қазаққа қызмет қылар журналистер қатары сәл де болса көбеймесе, азайған емес.

¹ Шамақайұлы Қ. Сез бостандығы және Mass Media. — Караганды, 2004. 25-6.

² Шамақайұлы Қ. Журналист шеберлігінің негіздері. — Караганды, 2001. 59-6.